

**Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі  
Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитетінің мәселелері**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 27 тамыз N 1268.  
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.01.23. N 111 қаулысымен. ~P010111

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасында жұмылдырушылық дайындық және жұмылдыру жөніндегі жалпы мемлекеттік іс-шаралардың кешенін жүргізуге жауапты болып айқындалсын.

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті туралы ереже бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі (келісім бойынша) бір ай мерзімде Қазақстан Республикасындағы жұмылдырушылық дайындық пен жұмылдыруға байланысты қажетті материалдық-техникалық құралдарды, құжаттамаларды және өзге де мүлікті толық көлемде Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитетіне берсін.

4. Құпия.

5. "Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 657 P990657\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., N 22, 224-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитет";

2) <\*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармақтың 2-тармақшасы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.11.29. N 1807 қаулысымен. P991807\_

6. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Мемлекет резервінен сатылатын материалдар мен тауарларға есеп айырысу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы

27 маусымдағы N 726 P940726\_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 27, 298-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 27

маусымдағы N 726 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 13 шілдедегі N 966 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 24, 24-құжат);

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 2 сәуірдегі N 465

P970465\_

қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 14, 107-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілген өзгерістердің 3-тармағы.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1999 жылғы "27" тамыздағы  
N 1268 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда  
министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі  
комитеті туралы  
Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі

құзыретінің шегінде мемлекеттік материалдық резерв жүйесінде және жұмылдырушылық дайындық пен жұмылдыру саласында атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ осы мәселелер бойынша салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, банктерде шоттары болады.

Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Комитеттің, егер, оған заңдарға сәйкес уәкілеттік берілген болса,

мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

4. Комитет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңда белгіленген тәртіппен бұйрықтар шығарады.

5. Комитет қызметкерлерінің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Комитеттің заңды мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы, 473021, Астана қаласы, Циолковский көшесі, 2.

7. Комитетінің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті" мемлекеттік мекемесі.

8. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Комитеттің қызметін қаржыландыру тек республикалық бюджеттен ғана жүзеге асырылады.

Комитетке оның функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2. Комитеттің негізгі міндеттері мен функциялары

10. Комитеттің негізгі міндеттері:

1) жұмылдырушылық дайындық пен жұмылдыру саласында бірыңғай саясатты

әзірлеу және іске асыру;

2) мемлекеттік материалдық резервтің жүйесін қалыптастыру және дамыту;

3) жұмылдырушылық дайындық пен жұмылдыру саласында, сондай-ақ мемлекеттік материалдық резерв жүйесінде Қазақстан Республикасы заңдарының сақталуын бақылау болып табылады.

11. Комитет заңдарда белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) жұмылдырушылық дайындық және жұмылдыру жөніндегі, сондай-ақ жұмылдырушылық дайындық пен жұмылдыруға байланысты іс-шараларды материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүргізу жөніндегі бағдарламалар мен арнайы жоспарларды әзірлейді;

2) жұмылдырушылық дайындық және жұмылдыру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ экономикалық және техникалық шараларды әзірлейді, олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының халқын, аумақтарын және экономикасын даярлау және жұмылдыру кезеңі мен соғыс уақытындағы жұмыс жағдайын айқындау жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

4) Қазақстан Республикасында жұмылдырушылық дайындық пен жұмылдыруды ғылыми және әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

5) ұйымдардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың жұмылдырушылық жоспарларын келіседі;

6) Қазақстан Республикасының мемлекеттік материалдық резервінің пайдаланылуы мен сақталуына басшылық пен бақылауды жүзеге асырады;

7) мемлекеттік материалдық және жұмылдырушылық резервтердің материалдық құндылықтарын қалыптастырудың, жинақтаудың және пайдаланудың тәртібін, мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен мемлекеттік материалдық және жұмылдырушылық резервтер материалдық құндылықтарының номенклатурасы мен оларды сақтаудың нормалары жөнінде ұсыныс әзірлейді және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізеді;

8) үйлестіруді жүзеге асырады және өз құзыретінің шегінде ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметін бақылайды;

9) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын аумақтық орналастыруды айқындайды;

10) ұйымдардың жұмылдырушылық дайындық және жұмылдыру, сондай-ақ мемлекеттік материалдық резервті пайдалану жөніндегі өтінімдерін қарайды,

тиісті қорытынды ұсынады;

11) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының көлемі мен қозғалысының жиынтық есебін жүргізеді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгіленген есептілік ұсынады;

12) өз құзыретінің шегінде жұмылдырушылық дайындыққа, жұмылдыруға, мемлекеттік материалдық резерв жүйесін ұстауға және дамытуға бағытталған мемлекеттік қаражаттың пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

13) жұмылдырушылық дайындық және жұмылдыру мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастыққа қатысады;

14) өзіне заңдармен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

### 3. Комитеттің құқықтары

12. Комитеттің өзіне жүктелген міндеттерді іске асыру және өз функцияларын жүзеге асыру мақсатында заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) жұмылдырушылық дайындық пен жұмылдыру бойынша шығыстардың құрылымы жөнінде, сондай-ақ тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасын қалыптастыру кезінде мемлекеттік материалдық және жұмылдырушылық резервтердің жүйесін ұстау және дамыту жөнінде ұсыныс енгізуге;

2) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілер шығаруға;

3) өз құзыретінің шегінде мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардан, лауазымды тұлғалардан және азаматтардан ақпарат сұратуға және алуға;

4) өз құзыретінің шегінде ұйымдардың жұмылдырушылық дайындығын ұйымдастыруға және басқаруға, жұмылдырушылық міндеттер мен іс-шараларды орындаудың қажетті шарттарын айқындауға;

5) ведомстволық бағыныстағы ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы ұсыныс енгізуге;

6) жаңарту және ауыстыру тәртібімен материалдық құндылықтарды мемлекеттік материалдық резервке шығару және беру туралы шешім қабылдауға;

7) ұйымдардың жұмылдырушылық дайындық пен жұмылдыруды, сондай-ақ мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау жөніндегі міндеттемелерді реттейтін нормативтік құқықтық актілердің талаптарын орындауын бақылауды жүзеге асыруға;

8) жауапты сақтау пункттерінде сақталатын материалдық құндылықтардың сақталуына тексеру жүргізуге және бақылаушы органдардың лауазымды тұлғалары мен мамандарын тексерулер жүргізуге тартуға;

9) тексерулердің материалдарын мемлекеттік материалдық резервтің

материалдық құндылықтарын сақтау және пайдалану тәртібінің бұзылуына кінәлі адамдарды жауапқа тарту туралы мәселені шешу үшін құқық қорғау органдарына жолдауға;

10) өз құзыретінің шегінде жұмылдырушылық дайындық және жұмылдыру жөніндегі іс-шараларды жүргізудегі, сондай-ақ мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау жөніндегі жолсыздықтарды жою туралы атқару үшін міндетті ұйғарым беруге;

11) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

#### 4. Комитеттің мүлкі

13. Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

14. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Комитеттің өзіне бекітілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе өзгеше тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Комитетке заңдарда белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

#### 5. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

16. Комитетті Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Төрағаның оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын екі орынбасары болады.

17. Төраға Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық етеді және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауаптылықта болады.

18. Комитеттің төрағасы осы мақсатта:

- 1) өзінің орынбасарлары мен Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының өкілеттіктері мен міндеттерін айқындайды;
- 2) заңдарда белгіленген тәртіппен Комитеттің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
- 3) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша бұйрықтар шығарады, сондай-ақ Комитеттің қызметкерлерінің атқаруы үшін міндетті нұсқаулар береді;
- 4) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Комитетті білдіреді;
- 5) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;
- 6) өзінің құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

## 5. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

19. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Оқығандар:

Омарбекова А.

Нарбаев Е.